

Республиканың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 қазандағы N 1299 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 наурыздағы N 258 қаулысымен.

Орын алған кемшіліктерді жою және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалану және ұстау жөніндегі жұмысты одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Балансында тұрғын үй қоры бар облыстардың және Алматы қаласының әкімдері, министрліктер мен ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар:

тұрғын үй қорын қалыпты пайдалану және ұстау хақында шұғыл проблемаларды дербес шешу мақсатында пәтерлердің (үйлердің) иелерінің кооперативтерін құру жөнінде жекешелендірілген пәтерлер мен үйлердің тұрғындарының арасында қажетті түсіндіру және ұйымдастыру жұмысын жүргізсін. Бірінші кезектегі мұқтаждары үшін оларға қажетті материалдық-техникалық ресурстарды беру, жайғастыруда жаңадан құрылған кооперативтерге жан-жақты көмек көрсетсін;

Кооперативтердің баласындағы үйлерге жапсарлас салынған адам тұрмайтын үй-жайлардың жалгерлері мен иелеріне тұрғын үйді ұстауға арналған шығындардың бір бөлігін төлету құқын пәтерлер (үйлер) иелері кооперативтеріне берсін. Жиналған ақшалай қаражат тек қана тұрғын үйлерді ұстау және жөндеуге, сондай-ақ үйлердің маңындағы аумақтарды тазалауға ж ұ м с а л с ы н .

Мемлекеттік және жекешелендірілген тұрғын қорының техникалық жай-күйіне 3 ай мерзімде тексеру жүргізсін және нәтижесі бойынша оны күрделі жөндеуден өткізу, қалпына келтіру немесе авариялық және тозған үйлерді бұзу жөнінде нақты шаралар қабылдансын;

Әсіресе, көп қабатты үйлерде тұратын азаматтардың қауіпсіз тұруына жағдай жасау мақсатында олардың тұрғын үй-жайларының тікелей мақсатына сай пайдаланылуын қамтамасыз етсін; Тұрғын үй-жайын қайта жоспарлау немесе қайта құру тек қана жергілікті сәулет органдарымен келісілген жобалар бойынша құрылыс нормалары мен ережелерін сақтап жүргізсін;

лифт шаруашылығын сенімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін бір ай мерзімде олардың техникалық жай-күйін айқындау, қосалқы бөлшектер сатып

алуға және жарамсыз жабдықтарды ауыстыруға және жөндеуге қаржы ресурстарын іздестірсін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

отын-энергетика қорларын жан-жақты үнемдеу мақсатында халыққа коммуналдық және өнеркәсіп орындарына бюджеттік ұйымдарға жіберілетін жылу энергиясы, суық және жылы суды, газды прибормен есепке алу жөніндегі шараларды әзірлеп, 1995-1996 жылдар ішінде жүзеге асырсын;

қалыпты экологиялық жағдайды сақтау үшін қалалар мен елді мекендерде қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу және сенімді орналастыру орындары белгіленсін және қажет болған жағдайда оларды өңдеу жөнінде тиісті қуаттарды құрсын.

Саланы көмек қаржысыз жұмыс істеуге көшіруді аяқтағанға дейін тұрғын қорын жылы сумен жабдықтау және жылыту жөніндегі тарифтерінің айырмашылығына байланысты, пәтерлер (үйлер) иелері кооперативтерінің шығындарын жабуды мемлекеттік тұрғын үйді пайдалану ұйымдарына белгіленгеніндей жергілікті бюджеттердің есебінен жүзеге асыруды ұсынсын.

3. Тұрғын үй құрылысы мемлекеттік банкі және оның жергілікті бөлімшелері пәтерлер (үйлер) иелері кооперативтеріне есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асырсын.

Банк пәтерлерді, тұрғын үйлердің ортақ бөліктерін мақсатты қаражат жинақтау үшін қолданылып жүрген шарттармен проценттерін есептеп, пәтерлер (үйлер) иелері кооперативтеріне, олардың жекелеген мүшелеріне есепшот ашуға рұқсат берсін.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп, халық пен коммуналдық шаруашылықтардың сұранысын қанағаттандыратын көлемде 1995-1996 жылдары жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың базасында коммуналдық техника, қазандық жабдықтар, желілік сорғыштар, электротехникалық өнімдер, есепке алу приборларын, құбыр жүргізу арматураларын және санитарлық-техникалық бұйымдарды жасап шығару жөнінде қуаттарды құру мәселелерін қарап, шешсін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі су құбырлары мен канализацияның магистралдық жеткізу жүйелерін қоса, елді мекендерде су құбыры мен канализация жүйелерінің негізгі ірі ғимараттарын салу және жаңғыртуға қажетті қаражаттың республикалық бюджеттен бөлінуін республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының жыл сайынғы индикативтік жоспарларында қарастырсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК